CMYK

Рухани жаңғыру біздерді асыл тегіміз бен бекзат болмысымызға бастайды.

3,6-бетте



Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.

7-бетте


# Университет

**М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті**

**№ 10-11 (198-199)**
**13.12. 2019**




# 16 желтоқсан - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

## Құрметті әріптестер! Қымбатты студенттер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Білімсіздің күні қараң. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген білімді ұрпақ өз Отанының даму жолында аянбай тер төгеді. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету - әркімнің міндеті. Әрбір жастың алаңсыз білім нәрімен сусындауына барынша жағдай жасалған. Биылғы «Жастар жылын» қазақстандықтар тиісті деңгейде өткізді деп айтуға толық негіз бар. Келер жыл Волонтерлар жылы болмақ. Нұрлы болашақтың даңғыл жолында шабысы қатты тұлпардай жүйткіген Қазақстанның жастары текті ұлттың ұрпақтары екенін келешекте дәлелдей беретіні сөзсіз.

Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз Қазақстанға деген құрмет сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай берік сеніммен қарап, тыныш өмірдің негізін қалау үшін бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек. Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі таңда патриоттық дәстүрге сай келетін жаңа талаптар қойып отыр. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр. Endeше, еліміздің алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан көрінуі жолында баршамыз өз үлесімізді қосайық деген тілегімді білдіргім келеді.

Құрметті профессорлар мен оқытушылар қауымы! Қымбатты студенттер! Сіздерді Отанымыздың Тәуелсіздік күнімен тағы да құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге табыс, шығармашылық шабыт тілеймін! Елімізде тыныштық болып, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!

**Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА,**
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,**
**ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,**
**тарих ғылымдарының докторы, профессор**

# Ұмытылмас тұлғалары



**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақ елінің ұмытылмас тұлғалары» атты халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырды. Ол Қазақстанның Кеңестік кезеңде экономикалық және әлеуметтік дамуына, Түркі халықтарының рухани бірлігін сақтауға, Орта Азия елдерінің мемлекеттік жүйесін құруына еңбегін сіңірген, Тәуелсіздік идеясын бастап, есімі ұрпақ жадында мәңгілікке сақталған қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың 125 жылдық мерейтойына арналды.**

Конференцияның мақсаты: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын іске асыру болды.

Кеңес Үкіметі кезінде мемлекет қызметінде, республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қалыптастыру және дамытудағы Тұрар Рысқұловтың рөлі мен орны бөлек.

Ашаршылықпен күресіп, тоталитарлық жүйені жою жолында, қазақ интеллегенциясының көзқарастарында тәуелсіздік үшін күресті, Түркістанның саяси дамуының маңыздылығын, Қазақстан мен Орталық Азияның халықаралық деңгейін өсірген – Тұрар Рысқұлов.

Конференция жұмысында бірнеше міндеттер қойылды: көпшілік қауымға Тұрар Рысқұловтың индустриалды және әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуындағы идеялары туралы қосқан үлесімен таныстыру, тарихтағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіру ретінде терең зерттеулерді жүргізу; атақты тарихи тұлғалардың және қаһармандардың өмірі мен қызметі жайлы мағлұматты жандандыру және тарату жұмыстарын отандық және шетел ғалымдарымен бірігіп зерттеулерді жүйелендіру; қазіргі тарихтағы, әдебиеттегі, музыка, театр және бейнелеу өнеріндегі ұлы тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасау жұмыстарын қолға алу.

Конференция «Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі»; «Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамуы: тарихы мен қазіргі кезеңі»; «Түркі әлемінің зерттеулері: Еуразияның мәдени-тарихи мұрасы» атты бағыттарға бөлінді.

Тұғыры биік, күллі түркі жұртына мәлім, әлемді мойындатқан Тұрар Рысқұловтың 125 жылдық мерейтойына арналған шетел және республиканың түкпір-түкпірінен келген құттықтаулар конференцияның маңызын ашты.

«Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, Шымкент қаласының әкімдігі, Түркістан облысы, Түлкібас ауданының әкімдігі, Қазақстан Халқы Ассамблеясы конференция жұмысына қолдау көрсетті.

Университеттің ұйымдастыруымен Тұрар Рысқұловтың ұрпақтары, яғни Мәскеу қаласынан Владимир Рысқұлов, Алматы қаласынан Адель Рысқұлова, Түлкібас ауданы Тұрар Рысқұлов ауылынан Мұратәлі Төлепбергенұлы арнайы шақырылды.



Құрметті қонақтар мен конференция қатысушылары: мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің құрметті қызметкері, «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» Халықаралық ұйымы төрағасының бірінші орынбасары З.Қ.Тұрысбеков; ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құрметті мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері, құрметті судьясы Б.Т.Тұрғараев; Парасат орденінің иегері, мемлекет қайраткері М.Байғұт; журналист, жазушы, Халықаралық «Түркістан» газетінің қызметкері К.Адырбекұлы; Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, тұрартанушы М.Қазыбек; Қырғызстан Республикасының саяси құжаттамалар Орталық мемлекеттік мұрағатының директоры, Қырғызстан Республикасының мәдениет қайраткері, мұрағат ісінің үздігі, Қырғызстаннан Қырғыз-Ресей Славян университетінің «Тарих және этнология» кафедрасының жетекші қызметкері А.А.Қарымсақова; Қырғызстан Республикасының Мемлекеттік Кітап палатасы директорының орынбасары, Жазушылар Одағының мүшесі, тарихшылар қауымдастығының мүшесі К.И.Качибеков; Өзбекстаннан тарих ғылымдарының докторы К.К.Раджабов; ҚР ҰИА Академигі, Қазақстан Ғалымдар Одағының Президенті, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты О.Сәбден; Ш.Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының директоры З.Е.Қабылдинов.

Республикамыздың Өскемен, Павлодар, Орал, Нұр-Сұлтан, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Тараз, Шымкент және т.б. қалаларының ғалымдары мен жазушылары өз зерттеулерімен бөлісті.

«Тұрар Рысқұлов», «Шерхан Мұртаза» қоғамдық қоры, «Жеті жарғы» және «Қожаберген жырау» қайырымдылық қорларының өкілдері де белсенділігін көрсетті.

Алматы облысы Талғар ауданының мұражайы», Түлкібас ауданының «Тұрар Рысқұлов» атындағы мұражайы, Шымкент қаласындағы «Отырар» кітапханасы көрмелер ұйымдастырды.

Сонымен қатар, университетіміздің Ғылыми жұмыс және инновация құрылымдары - «Ғылыми-зерттеу басқармасы», «Мұхтартану», «Рухани Жаңғыру», «Археология және этнология», «Түркітану» ғылыми-зерттеу орталықтары өз үлесін қосып, Ордалы Қоңыратбаевтың «Тұрар және Түркістан» монографиясын жарыққа шығарды.

Еліміздің ірі қоғам және мемлекет қайраткерлері, жас ғалымдар, Шымкент қаласының білім басқармасы, Шымкент қаласы мен Түркістан облысының 70-тен астам орта және арнаулы кәсіптік мекемелерінің педагог-зерттеушілері де конференцияға белсенді ат салысты.

Конференцияның таңдаулы мақалалары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналының IV санында жарық көрді.

13 желтоқсан күні, конференция аясында Түлкібас ауданының демеушілігімен, Тұрар Рысқұловтың туыстары Түлкібас ауданына Тұрар Рысқұлов ауылына барды. Осы сапарда Тұрар бабамыздың екерткіштеріне гүлдер қойылды. Мұражайына экскурсиялар ұйымдастырылды. «Тұрарға 125 жыл» деп, республикалық конференция ұйымдастырылды.

**Шолпан ТОРҒАУТОВА,**
**Ғылыми-зерттеу басқармасының бас маманы, «МҰРА» Кіші Академиясының жетекшісі, тарих магистрі**



# Рухы биік ел




М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін атап өту аясында «Менің Туым – менің Отаным» патриоттық акциясы ұйымдастырылып, бас ғимаратының алдына 16 метрлік тұғырға Қазақстан Республикасының Туы орнатылды.

Салтанатты іс-шара “Нұр Отан” партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бахадыр Мәдәліұлы Нарымбетовтың құттықтау сөзімен ашылды.

Өз кезегінде сөз алған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры Қайрат Еңбекшіұлы Нұрманбетов, магистрант, жастар мәслихатының депутаты Әшімова Жасмин және Таэквондодан Қазақстанның 5 дүркін чемпионы, спорт шебері, әлем чемпионатының жүлдегері, университеттің 2 курс студенті Садық Нұрғайша жастарға туымызды қастерлеу, құрметтеу туралы айтты.

Іс-шара патриоттық әндермен жалғасты.

2019 жылы 13 қазанда Алматы қаласындағы «Медеу» биік таулы спорт кешенінің аумағында «Менің Туым- менің Отаным!» атты патриоттық акцияның аясында «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Қыдырғалиұлы Байбектің қатысуымен Мемлекеттік Туды салтанатты көтеру рәсімі өткен болатын.

Аталған іс-шара Қазақстан жастарына патриоттық тәрбие беру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу және де елімізге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында өткізіліп отыр.

Акция аясында Мемлекеттік Туды ірі жоғары оқу және орта арнаулы оқу орындарында, қоғамдық орындарда, туристік объектілерде, сауда, ойын-сауық орталықтарында тұрақты негізде орналастыру көзделген.



Қазіргі таңда Шымкент қаласы бойынша 46 нысанға 56 мемлекеттік Ту орналастырылған.

**С.Қ. БЕЙСЕНБАЕВ,**
**Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор**

# Асыл тегімізге бастайды



Адам баласы үшін руханилықтың алатын орны орасан зор. Рух деген - беймәлімдеу, жұмбақтау ұғым. Бұл сөзді жиі айтамыз, өз ойымызды танытуда оқтын-оқтын қолданамыз, бірақ оның нендей нәрсе екенін айқын білмейміз. Білетініміз, адам баласының шын қасиетін танытып, абыройын арттыратын – осы руханилық. Ендеше ол не нәрсе, нендей құбылыс?

Сірә, адамның тәни, материалдық жаратылысынан бөлек қасиеттік жағы болса керек. Қазақта «қасиетсіз» деген қаһарлы ауыр қарғыс бар, мұндай қарғысты кісі әбден күйзеніп, күйіп кеткенде айтады. Қасиет, біздің білуімізше, әр нәрсенің өзіндік болмысын танытады, қасиетіне қарап әр нәрсенің өзін танимыз. Демек қасиеттен айырылу – өзіндік болмысынан көз жазып қалу болып шығады-ау. Ал адам қай кезде мұндай қасіретті халге тап болады? Әрине, қасиетінен айрылғанда. Ал адамның қасиеті не десек, ол – ақылы мен адамгершілік қасиеттері. Бұлар – адамның рухани жағы, адами болмысы.

Біз кісіні қалай бағалаймыз, қай нәрсесіне қарап оған құрмет танытамыз? Байқасақ, бүгінде бәсеке басым, байлық пен мансап бағалы. Ал ақылды, білімді кісілерді көпшілік қауым байлар мен бастықтардай көріп құрақ ұшқандай қадірлемейді. Бұл, әрине, ащы ақиқат. Мекемелерде я отбасы, тойларда болсын, көпшілік назары әр дегенде байлар мен мансаптыларға ауады. Әрине, байлық пен масап та ақылсыз, қабілетсіз, әрекетсіз келе қоймайды. Оның үстіне ақылмен, біліммен, адал еңбекпен табылған байлық пен қызмет өз иесін адамшылық абыройлы қалпынан айырмайды, қайта абыройына абырой қосады. Адамшылығы артық жандар қызметі мен байлығын ел игілігі мен ізгілігіне, жақсылыққа жұмсайды. Мұндай кісілерді көргенде көзің де, көңілің де сүйсініп, қуанып қаласыз. Ал мансабы мен байлығы кісілігін көтеріп, адамдығын арттырмай, керісінше иесін маңғаз, марғау, кісәпір көкірек етер болса, ондайды көріп, жүні жұлынған тауықтай жүнжіп, кейіп қаласыз. Сондa кісінің көңілін көтеріп, мерейін өсіретін адамшылық қасиет пен кісілік, кішіпейілділік екен де, құтын қашырып кісәпір ететін өзегі мен мәнінен тыс байлығы мен мансабына сеніп, қасаң, қайырымсыз, қасиетсіз болуы екен.

Қазақта «Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» деген ақиқатты танытар бір жақсы, асыл сөз бар. Рас, адам баласының ең әуелі арпа, бидайды ас етіп, тоқтықта тірі жүргені керек. Алтын, күмісті тағынып, жарқырап жүру аман-есен тірі жүргенде бола беретін кейінгі жағдай. Бірақ екеуі де өмірдің мәні мен адамның абыройы емес, өмір, тіршілікте адам қолданатын құралдар мен қажеттіліктер ғана. Арпа, бидай, қазы-қарта, жал-жаяны ас етіп ішіпжеу де, алтын, күміс тағынып, қымбат көлік мініп, басым бөлігі бос тұратын зәулім сарайда тұру да әсте мақсат емес, адам болып өмір сүруге жеткізетін жағдай мен баспалдақ басқыштары ғана. Қазақ деген ғажайып дана халық қой. Айтқан сөздерінде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ғана нысанаға дәл тигізіп жеткізеді. Қазақтың мына ғажап сөзінен халқымыздың бүкіл болмысы мен қасиетін, мақсаты мен ұстанымын тануға болады, сөзіне ой жүгіртіп, өзіне бас иіп сүйсінесіз: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Мұндай дана, дара ойды қай халық айта алған. Қазақ үшін басты мақсат, өмір мәні, абырой шыңы ар екен, адамшылық екен. Ал малы мен дүние-байлығы - тіршілігі үшін, тіршілігі ары үшін екен. Бүгінгі таңдағы рухани жаңғырудың басты міндеті – осы ұстанымды санаға сіңіру, адамдар діліне дарыту. Рухани жаңғыру қай қоғам, қай заманда да өзекті, маңызды. Тоқсаныншы жылдары халықтың тұрмыс жағдайы мен әл-ауқаты әзжуаз, төмен болды. Екі кезең, түрлі заманның ауысқан өліара шағы болды. Нарық экономикасының жүйесіне ауысқан алғашқы шақта халық пен мемлекет мүлкін қомағайлықпен иеленіп қалуға деген ашқарақтық орын алды. Баяғы бір орталықтан басқарылып, Мәскеудің қасқабағына қараған заман келмеске кетті. Ел экономикасы мен шаруашылығын тақырдан тартып, амалын тауып, халық қамы жолында қалпына келтіріп көтеру қажет болды. Сананы тұрмыс билейді, халыққа ең әуелі қарапайым тіршіліктің кем-кетігін түзеп қарынды тойдыру мен бала-шағаны асырау арман болды. Егемен ел болып тәуелсіздікке қол жеткізуіміз халыққа қанат бітіріп, тылсымнан тың күш-қуат қосты. Бәрін де жаңадан бастауға тура келді. Тоқсаныншы жылдары тіршілік тұтқасын ұстап еңбек еткен буынмен бірге сол кезеңде туған ұрпақ та бүгінде жаңа заманның іргесін қалаушылардың қатарына қосылып келеді. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігі мен экономикасы осы егемендік алған жылдарда негізі қаланып, қалыптасып, дамып, көз алдымызда қарқындап өсуде. Бүгінде халықтың қалыпты өмірі мен әл-ауқаты артқан, тұрмыс-тіршілігі де тұрақтана бастаған жайы бар. Дүкендердің азық-түлік пен тұрмыс қажеттіліктерінсіз қаңырап қалған жадау күйі мен жылусыз, жарықсыз жалақы ала алмай қалған күндер бірте-бірте өткен шақтың тарихына айналып барады. Рухани жаңғыруға көшкен кезеңге дейін осылайша мемлекеттіліктің іргесі мен ұстынын бекітіп, ел экономикасын халық игілігі жолында қарқынды дамыта түсу аса қажет болды. Енді, міне, екі жылдан бері, кештеу болса да, өз кезегімен рухани хал-жағдайымызды ойлайтын жарқын заманға да қадам бастық.

Шынында да, рухани жаңғыру жағдайындағы заман жарқын да нұрлы болмақ.

Бұл – материядан санаға, дүниебайлықтан ділге, затшылдықтан адамшылыққа бағыт түзеп, бет алған заман. Ақыл-ой, діл, адамшылық – адам болмысы мен өмірінің қасиетті де көрікті, жарық та жарқын жағы. Рух пен руханилық ақыл-ой, діл, адамшылық ұғымдарымен тығыз байланысты. Адамзат өмірі мен бақыты үшін барлық пен байлық, тұрмыс пен техниканың игілікті қызметін әсте жоққа шығармаймыз, олар өміріміз, игілігіміз үшін қажет, сөйтсе де бұлар – бақытты өмір мен абыройлы, адамгершілікті тұлғаға биіктеп жетудің құралы мен көмекшісі ғана. Қарнымыз тоқ, киіміміз бүтін, тұрмысымыз шалқып тұрса да, діл мен көңілдің шуағына еш нәрсе жетпейді. Адамдар өмірі мен қарым-қатынасы мейірім мен қайырымдылыққа толған сайын көркем, мәнді де сәнді бола түспек. Рухани жаңғыру біздерді асыл тегімізге бен бекзат болмысымызға бастайды. Жақсылыққа бет алған жолымыз ұзағынан жалғасып, баянды болғай.

**Ү.Т.УРАЗБАКОВА,**
**магистр, аға оқытушы,**
**А.П.ДЖАХАЕВА,**
**магистр, аға оқытушы, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасы**

# Жолдау аясында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы негізгі қағидаларды атап айтар болсақ, **бірінші,** заманауи тиімді мемлекет. «Азаматтық қоғамға қолдау көрсету керек, халықты жалпымемлекеттік өзекті тапсырмаларды талқылауға тарту керек. Сол үшін де Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды». Ол келелі мәселелер көшеде емес, Парламентте шешілуі тиіс екенін қадап айтты. Мемлекет басшысы Тоқаев мемлекеттік қызметкерлердің сапасын арттыру үшін олардың қатарына жас мамандарды тарту қажеттігін білдірді.

**Екінші,** азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазақстан Президенті жедел түрде зорлық-зомбылық, подофилдер мен есірткі таратушылар, адам саудасы, әйелдерге тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету, жеке тұлғаға қатысты қылмыстар, оның ішінде балаға қатысты қылмыс жасаушыларға жазаны күшейту керектігін айтты.

**Үшінші,** Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика. Мемлекет басшысының сөзінше, шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру қажет.

Ол «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллект жаһандық дамудың негізгі факторларына айналғанын алға тартты.

**Төртінші.** Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі. Бұл жерде мемлекет басшысының «Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу» деген ойы өте орынды. Әлеуметтік салада білім беру сапасын жақсартуға баса мән беру керектігі айтылды. Осы сала бойынша аз қамтылған және көп балалы отбасыларға қолдау үшін Үкімет пен әкімдерге Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырды.

ЖОО түсе алмай қалған түлектердің бұл тобы жұмыссыздар, яғни күн көріс қамына түсіп кетеді. Сосын қылмыс жасайды, экстремистік әрекетке барады. Осындай жағдайды болдырмау үшін жастарға бағыт-бағдар беру, оқуына жағдай жасау керек. Оқу орнын аяқтаған соң «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасу үшін тиімді жағдай жасалса, әрі қарай алып кетері сөзсіз. Елбасы Жолдауында «Жұмысқа қамтуға еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана қол жеткізіп отыр. Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек». Осы мәселеге байланысты Президенттің жоғары білімнің сапасына байланысты ойлары өте орынды, бірақ осы мәселе бойынша көптеген тиімді қарарлар қабылданады деген ойдамыз және де алдағы уақытта орындалады деген сенімдеміз.

**Бесінші.** Қуатты аймақтар – қуатты ел. Мемлекет басшысының ойынша, өңірлерді дамыту үшін ең алдымен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру керек. Тұрғындардың белсенділігін арттыра отырып, жергілікті өзін-өзін басқару жүйесін нығайтуға болады.

**Ұлжан Ерубаевна УЛЬМЕСОВА,**
**Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті жоғары білікті маманы**

# Ой сананың кемелденуі



**Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімінің жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың әрби түсуіне осы рухани жаңғыру дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән-салтанаты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.**

Рухани жаңғырудың негізі - халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар демекші, мемлекеттің дамуы - ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

5В010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3-курс студенттері топ тәлімгері, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Света Сихимбаевамен бірге киелі орындарға саяхаттап, тарихи сананы жаңғырту мақсатында танымжорық ұйымдастырған болатынбыз. Танымжорығымызды тіршіліктің бастауы болған Қазығұрт тауынан бастадық. Қазығұрт тауындағы Кемеқалған монументіне және Ғайып Ерен Қырық Шілтен кесенесіне бардық.

Шымкент қаласынан 40 шақырым жерде орналасқан Қазығұрт тауы Тянь-Шань тауларының сілемдері болып табылады.

Жер жүзін топан судың басуына байланысты аңыздың сан түрлі нұсқасы бар. Соның ішінде бізге белгілісі: Нұх пайғамбар апат басталған кезде кемесіне мініп, жеті ай, жеті күн, жеті сағат жүріп, Қазығұрт тауының басына келіп тоқтайды. Пайғамбар кемесіне балалары мен жақын туыстарын және түрлі аң-құстарды отырғызған. Кеме таудың басына келіп аялдаған кезде адамдар тіршілік белгісі бар ма, жоқ па білу үшін ең бірінші құстарды жіберген екен. Сол сәтте босатылған құстардың барлығы ұшып кетіп, қайта оралмапты. Тек қарлығаш қана бұтақтың жасыл жапырағын тістеген күйі ұшып келген екен. Міне, осы кезеңнен бастап қарлығаш қазақ халқы үшін адалдық пен молшылықтың, бірлік-берекенің символы болып қалған. Сондықтан да халқымыз қарлығаштың ұясын бұзбайды және бұл құс ұя салған жерге бақ қонады деп білген. Осылайша Қазығұрт тауында адамдар жаңа өмір бастап, ұрпақ таратқан.

Біз Ғайып Ерен Қырық Шілтен тарихи орнына барғанда Адам ата мен Хауа ананың символына айналған жартаспен таныстық.

Тау басына шыққан сәтте айналаңа көз жіберсең, ортасынан қақ бөлінген екі жартасты бірден байқайсың. Бұл – Адам ата мен Хауа ана жартасы. Мұнда келушілер үшін ең қызығы – осы қос жартастың ортасынан өту. Ал бұл екі кәрі тастың арасынан кез келген адам өте алмайды деген қағида қалыптасқан. Тек жүрегі таза, денсаулығы мықты жандар ғана кедергісіз өтіп кете алады екен. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, жартас жүрегінде қорқынышы бар адамдарды өткізбеуі мүмкін. Және қуыстан өткен кезде ең алғаш оң иықтан бастау керек. Бұл аралықтан тек 13 жастан асқан жандарға ғана өтуге рұқсат етіледі. Көпшіліктің айтуы бойынша, Қазығұрт тауына жасаған сапарда ең ерекше әсерді осы жартас қуысында тұрып сезінесің. Ең бастысы, ені 14 см, ұзындығы 30 метрлік бұл қуыста тоқтап қалуға болмайды. Үнсіздікте, тек жүрегінің дүрсілін ғана сезініп, бір демде жүріп өтесің.

Рухани жаңғыру аясында өткен бұл танымжорықта біз еліміздің сакральды орындарын көзбен көре отырып, бабаларымыздың биік рухын сезініп, ұлттық құндылықтарды бойымызға сіңіре білдік. Өңіріміздегі осындай киелі орындармен жете таныса алдық деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, бұл - Елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген асыл үндеуі, өсиеті. Рухани жаңғыру - адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі өзгерісті қабылдай білуі. Тарлан тарихтың жасампаз бүгіні мен жарқын болашағын үйлесімді үйлестіретін ұлт жадының тұғырнамасы. Осы тұғырнамадан ауытқымай, Елбасымыз ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік-биік шыңдарды бағындыратымызға сенімдімін!

**Сандуғаш ЖҰМАДІЛДӘ,**
**Фи17-10к1 тобының студенті,**
**Света СИХИМБАЕВА,**
**топ тәлімгері, б. ғ.к., доцент**

# Поэтапный путь развития



**Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев впервые выступил с посланием народу Казахстана. В своей речи он затронул вопросы о национальном совете общественного доверия, гражданском обществе и политических целях.**

Президент добавил, что необходимо поддерживать гражданское общество, вовлекать его в обсуждение наиболее актуальных общегосударственных задач. Именно для этого создан представительный по составу Национальный совет общественного доверия, который будет работать по ротационному принципу.

По словам Президента, отношения между законодательной и исполнительной властью должны быть деловыми, без конфронтации.

Совершенствование законодательства о митингах.

Ужесточение наказания за педофилию, наркоторговлю, бытовое насилие.

Проблема браконьерства.

Поддержка бизнеса: освобождение от уплаты налога от основной деятельности, отсрочка введения дополнительных пенсионных отчислений.

Кроме того, Президент поручил разработать законодательную основу освобождения компаний микро- и малого бизнеса от уплаты налога от основной деятельности сроком на 3 года.

Изъятие неиспользуемых земель, АСП и медицинское страхование.

Глава государства поручил правительству скорректировать механизм выделения АСП, чтобы она стала прозрачной, справедливой и мотивировала к труду.

Президент подчеркнул, что «государство сохраняет гарантированный объем бесплатной медицинской помощи» после введения страховой медицины.

Использование пенсионных накоплений казахстанцами.

Казахский язык, разработка концепции развития гражданского общества и митинги.

Токаев поручил в ближайшее время разработать и принять концепцию развития гражданского общества до 2025 года.

- Использование земли.
- Рост цен.
- Поддержка детей и многодетных семей.

«Следует позаботиться о детях из малообеспеченных семей. Для них необходимо ввести гарантированный социальный пакет. Регулярную помощь детям дошкольного возраста. Бесплатное горячее питание для всех школьников. Обеспечение их учебными принадлежностями и формой. Оплату медицинской, в том числе стоматологической, помощи. Возмещение затрат на проезд в общественном транспорте. Все эти меры должны вступить в действие с 1 января 2020 года»,- сказал Токаев.

В этом году по инициативе Елбасы запущена новая программа «Бакытты Отбасы» с льготной ставкой 2% и первоначальным взносом 10%. «Это весьма выгодные условия. До конца года не менее шести тысяч семей приобретут жилье в рамках этой программы – в первую очередь, многодетные семьи и семьи, воспитывающие детей-инвалидов. С 2020 года 10 тысяч таких семей будут ежегодно обеспечиваться жильем», - сказал Президент.

Около 30 тысячам семей, которые не располагают доходами для приобретения жилья в собственность, надо дать возможность проживания на условиях социальной аренды. «На эти цели к 2022 году государством будет выделено свыше 240 миллиардов тенге», - сказал он.

«Поддержка института семьи и детства, создание инклюзивного общества, вопросы защиты прав ребенка, противодействие бытовому насилию должны быть нашим приоритетом. Следует целенаправленно заняться проблемой высокой суицидальности среди подростков. Нам предстоит создать целостную программу по защите детей, пострадавших от насилия, а также их семей», – сказал Токаев.

Послание Президента характеризуется четкой структурированностью и конкретностью, сочетающиеся с масштабностью и комплексностью охвата проблемных зон и стратегических направлений дальнейшего поступательного движения страны. Конечно, все мы понимаем, что для реализации намеченной цели потребуется принять ряд законодательных актов, в которых должны быть отражены реалии современного общества. Хочется выразить надежду, что при разработке планов мероприятий в образовательной системе будут выполнены все намеченные направления. Мы твердо уверены в том, что новые инициативы Президента найдут отклик в сердцах и умах граждан страны, и Казахстан в скором времени войдет в число самых развитых государств мира.

**Ф.А.БАХТИБАЕВА,**
**ст.преподаватели А.С.КЕРИМЖАНОВ,**
**Г.А. АЙТПЕНБЕТОВА**
**преподаватели кафедры**
**«Русского языка и литературы»**



# Воспитать настоящего гражданина и построить сильное государство

**Программная статья Президента «Семь граней Великой степи», является продолжением программы «Рухани жаңғыру», которая нашла горячий отклик среди населения Казахстана и активно обсуждается общественностью. Она уже является историческим документом.**

В статье оглашается шесть новых крупных проектов, которые направлены на исследование истории и популяризацию культурного наследия Казахстана.

Программная статья президента страны требует глубокого осознания и призывает к осмыслению роли и места национальной истории в мировой цивилизации.

«Уважение к национальным традициям своего народа, к его истории и культуре является основой любого воспитания и представляет величайшую национальную ценность. Только бережное отношение к своим истокам позволит нам вырастить настоящего гражданина и построить сильное государство»- пишет глава государства.

Данная статья акцентирует наше внимание на историческое наследие государства с точки зрения его актуализации и значимости в историческом пространстве. А значит, статья требует глубокого осознания. Глава государства в очередной раз обращается к осмыслению роли и места национальной истории в мировой цивилизации, что было озвучено ранее в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Семь граней, которые особо отмечены Нурсултан Абишевичем, представляют тот пласт национального наследия, который способствовал формированию и развитию мировой цивилизации. Одомашнивание лошади и последующее развитие всадничества послужило толчком к экономическому и технологическому прорыву в Великой степи. Еще в древности освоив металлургию, обработку бронзы и железа, наши предки внесли значимый вклад в развитие мировой цивилизации. Кочевые народы, благодаря созданной оригинальной военной системе, получали на протяжении ряда веков бесспорное военно-политическое превосходство над своими противниками.

Великий Шелковый путь явился мощным фактором цивилизованного развития в степной Евразии, сыграл стимулирующую роль в достижении наивысшего расцвета тюрков в Центральной Азии. Это наследие и сегодня является одной из движущих сил в плотном взаимодействии государств евроазиатского региона, одним из ярких примеров которого является программа «Один пояс – один путь».

Открытие памятников материально-культурного наследия саков, Казахстана имеет огромное значение для реконструкции древней истории в сопредельных регионах Евразии.

Воссоздание Отрара, где найдет отражение и галерея образов выдающихся мыслителей Великой степи – это абсолютная необходимость на современном этапе развития нашего государства. Поэтому качественное выполнение объявленных Президентом новых, серьезных проектов, направленных на исследование казахстанской истории и популяризацию культурного наследия страны, будет способствовать осознанию исторической роли народов Великой степи и духовно-идеологическому развитию Казахстана.

Статья Президента «Семь граней Великой степи» – особое событие, дающее основу для возрождения духа нации, она дает ориентиры на будущее, при этом имеет глубокое содержание. В ней разъясняются истоки национального кода, генетической памяти народа. Поэтому мы считаем, что главная задача образования — это воспитание патриотов своей Родины, ответственных граждан, небезразличных к судьбе своего народа.

Этот вопрос есть и остается особо актуальным, когда дело касается воспитания подрастающего поколения.

**К.Б.САМАТАЕВА преподаватель,**
**Ф.А.БАХТИБАЕВА,**
**ст.преподаватель кафедры**
**«Русского языка и литературы»**

# Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні




Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы - қоғамның дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру - баршамыздың міндетіміз.

Жақында «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінде «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Абайдың қара сөздерінің мәні» тақырыбында ашық тәлімгерлік сағат өтті.

Ашық тәлімгерлік сағаттың мақса-ты - Абайдың қара сөздерін, тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу, ең бастысы, жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын сездірту, олардың ұстамдарымен санасу, болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу.

Ашық тәлімгерлік сағат т.ғ.к., доцент Ш.Т.Кошкарбаева және аға оқытушы Қ.Б.Аманбаеваның ұйымдастыруымен ХТ-16-1к2, ХТ-18-1к топтарында өткізілді. Ашық тәлімгерлік сағатқа жоғары мектептің ОПҚ қатысты. Іс-шараны ХТ-16-1к2 тобының студенті Акимова Құралай баяндамасымен бастап, Абай Құнанбаевтың өмірбаяны жайында видеоролик көрсетілді.

Екі топ студенттері ақынның қара сөздерін мәнерлеп оқып, Абайдың өлеңдеріндегі тағылым, яғни қазақ халқын ілгері дамыған жұрттардың қатарына жеткізуге, өнер, білім, ғылымды меңгертуге шақыратындығы жайлы баяндады.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз, әдебиетіміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

**С.ДӘУІТ, ХТ-16-1к2 тобының студенті,**
**Ш.Т.КОШКАРБАЕВА, Қ.Б.АМАНБАЕВА,**
**«Бейорганикалық заттардың химиялық**
**технологиясы» кафедрасының топ тәлімгерлері**

# Инклюзивное общество глазами студентов

В своем Послании народу «Конструктивный общественный диалог-основа стабильности и процветания Казахстана» Президент РК К.К.Токаев придал большое значение поддержке института семьи и детства. Особое внимание было уделено созданию инклюзивного общества в современном Казахстане. Инклюзивное общество - это общество, где каждый, вне зависимости от пола, возраста, этнической принадлежности, статуса, а также физического или ментального состояния, чувствует себя принятым, понятным и полноправным членом общества. Президент отметил, что особое внимание должно уделяться семьям, у которых на попечении находятся дети с особенностями в развитии. Только по официальной статистике, на учете по инвалидности, состоит более 80 тысяч детей. Правительству было поручено разработать меры по улучшению медицинского и социального сопровождения детей с особенностями в развитии, а также расширить сеть малых и средних центров реабилитации для детей в «шаговой доступности». «Мы обязаны создавать равные возможности для людей с особыми потребностями» - подчеркнул Глава государства. На эти цели



правительство должно выделить не менее 58 млрд.тенге в течение трех лет.

Под руководством старшего преподавателя кафедры «Психология и специальная педагогика» Сарипбековой А.Т. для студентов были организованы лекции-дискуссии по дисциплине «Инклюзивное образование» с участием приглашенных специалистов инклюзивного обучения: дефектологов ОСШ № 39 им.М.Жумабаева г.Шымкент - Акбердиевой М.Г., Илхамовой Н.К., педагогов-психологов школы-гимназии № 1 им.А.С Пушкина Полонец Н.В., Абуовой М.А. Студенты специальностей «Дефектология», «Педагогика и психология», «Начальная военная подготовка», «Биология», «Педагогика и методика начального обучения» обсудили проблему толерантного инклюзивного общества в Р.К., а также перспективы развития инклюзивного образования. Специалисты инклюзивной школы продемонстрировали видеоролики об опыте работы в инклюзивных классах, познакомили с документацией, формами работ с особенными детьми и их родителями, рассказали об особенностях организации учебного процесса в инклюзивной школе и разработках индивидуального образовательного маршрута для детей с особыми образовательными потребностями. Участники дискуссии говорили о необходимости внедрения в нашей стране понятия «Инклюзивное общество» и как это работает в развитых странах. Студенты получили ответы на интересующие вопросы, а также смогли озвучить свои позиции в решении данной проблемы.

Согласно последним рекомендациям ООН – предлагается не использовать термины «инвалид» и «ограниченные возможности», а заменить их на термины «особые потребности» либо «специальные потребности». Инклюзивное образование в нашей стране провозглашает идею равноправия и доступности образования, воспитывает в людях милосердие, толерантность и уважение прав людей с особыми потребностями. Великий Абай Кунанбаев в шестом слове назидания писал: «Единство должно быть в умах…». Эта мысль отражает смысл толерантного инклюзивного общества современного Казахстана.

**А.Т.САРИПБЕКОВА,**
**старший преподаватель кафедры «Психология и специальная педагогика»**

## Благотворительность и молодежь

Лидеры молодежи ЮКГУ им М.Ауэзова, кафедры «Культурная и социальная работа», под руководством старшего преподавателя, к.п.н, Тарасенко Т.В провели праздничеcкое мероприятие в доме престарелых посвященное «Всемирному дню бабушек и дедушек» и «Дню пожилого человека» в Казахстане. Студенты ПИК 18-15р; 17-15р; 17-152к2 выступили с концертной программой. Праздничная программа длилась 1час 30 минут. Ребята украсили зал цветами и яркими шарами. В программе звучали стихи, песни, исполнялись танцевальные номера на двух языках. Вокальные номера, флэш-моб, песни под гармонь и домбру дружно исполнялись всеми участниками мероприятия и гостями праздника. Гостей зала, также дружно приглашали на танец. Взрослое поколение делилось жизненными знаниями, опытом общаясь с молодежью, а молодежь, в свою очередь, также дружно своей энергией и хорошим настроением поднимала весь праздничный настрой присутствующих.

Все участники и гости от этой встречи получили положительные эмоции и прекрасные ощущения. Общим лейтмотивом праздничной программы явилось - солидарность поколений, уважение и почтительность к мудрости взрослого поколения. В ходе праздничного мероприятия студенты вручали подарки всем присутствовавшим пенсионерам. Следует упомянуть, что в шымкентском доме престарелых всего проживает 200 человек.

В конце мероприятия студентам в торжественной обстановке вручили почетные грамоты от лица директора дома престарелых. Также слова благодарности и позитивные эмоции звучали и от всех жителей дома престарелых.

**А.А. БЕЛОУСОВА,**
**студентка ПИК 18-15р**
**ЮКГУ имени М. Ауэзова,**
**Т.В. ТАРАСЕНКО,**
**А.У. ГУБАЙДУЛЛИН кураторы**

# В здоровом теле – здоровый дух

В современном мире все больше осознается, что физическая культура – это часть культуры человека и общества, и главной целью ее функционирования является формирование личности как высшей ценности современного общества.

Определяя стратегию Казахстана до 2050 года: Н.А. Назарбаев обратил особое внимание на необходимость разработки программы развития массового спорта и спорта высших достижений, учитывая передовой мировой опыт, так как республика стремится быть конкурентноспособной. А это может сделать только здоровая нация.

В ЮКГУ им. М. Ауезова с 05.11 по 15.11.2019 года проводилась межфакультетская Спартакиада среди студентов 1-4 курсов, посвященная реализации Послания Президента РК

«Здоровье» и «Ориентация на будущее: духовное возрождение». В ней



приняло участие 12 команд по 8 видам спорта: волейболу, футзалу, тогызкумалак, шахматам, настольному теннису, армрестлингу, гиревому спорту и перетягиванию каната.



Победителем в общекомандном зачете стала команда высшей школы «Текстильной и пищевой инженерии», 2 место заняла команда Юридического факультета, 3 место у команды высшей школы «Естественно-педагогических наук».

В организации и комплектования сборных команд технических специальностей активное участие приняли преподаватели кафедры «ФВТС» Толепов Б., Сержанов А. – ВШ «ТиПИ», Парманкулов Б., Серибаев Т. – ВШ «ИТиЭ», Бесенбаев Е., - ВШ «ХИиБ».

Всех участников Спартакиады поздравляем с завершением соревнований, желаем крепкого здоровья, упорства и воли к победе.

**М.Н. ЧИРВА, Е.В. КУЛИЕВА**
**ст. преподаватели кафедры «ФВТС»**

# Білім салтанат құрған ел - мәңгілік

*Бұл жаңғыру – тарихи сәт сауапты,*
*Сауапты іске бәріміз де жауапты:*
*Тұлпарымыз озсын десек бәйгеде,*
*Ұрпағымыз болсын десек сауатты.*

***Серік СЕЙІТМАН, ақын***




Қазіргі таңда ұлттық саясаттың негізгі басымдығы - ұлттың рухани жаңғыруы. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала Елбасы белгілеген еліміздің эволюциялық дамуын қамтамасыз етуде қоғамдық сананы жаңғырту мәні біріктірілген жалпыұлттық құндылықтарды тереңдетуге мән бере отырып, рухани сананы түпкілікті түрлендіруді мақсат етеді. Жаңаша өмір сүруге деген ұмтылыс біздің дамуымыздың басты қағидаты деп айта келе, Елбасы: «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», – деген болатын. Сондай-ақ ол: «Шынайылылық пен прагматизм негізінде қоғамдық сананы жаңғыртуға іскери қатысу үшін еліміздің әр азаматы, тұтастай қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барлық мемлекеттік органдар өздерімен жұмыс жасауы қажет: ағымдағы жай-күйді талдау, сіз қазір қайда тұрсыз, барлығымыз бен әрқайсымыздың не істеуіміз керек екенін түсінуіміз қажет. Біз бір және ұлы ұлтқа жатқанымызды мақтан тұтуымыз керек. Біздің жолымыз бір: жаңару арқылы жарқын болашаққа!» – деп атап өтті. Осы бағдарламалық мақаладан бас-тау алып, Президент Қ.Тоқаев айқындаған ел дамуының нақты «Рухани жаңғыру құндылықтарын насихаттау, Отанға адал болу, ғылым мен білімге ұмтылу» деп айқындалған сегізінші бағытына айналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау - М.Әуезов атындағы ОҚМУ басшылығының және профессор-оқытушылар құрамының атқаратын қызметінің маңызды бір бөлігі. Осы қызметті үйлестіру үшін университетте «Қоғамдық сананы жаңғыртудың жобалық кеңсесі» құрылып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы басымдықтарының көздейтін қасиеттері мен құндылықтарын университет профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларының санасына енгізу, тұғырлы орнату жұмысы жоспарлы, жүйелі негізге қойылды.

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарлама болуына орай, жоғары білім берудің ажырамас үш саласы - білім беру, ғылыми зерттеу және тәрбие беру бағыттарының барлығында да көрініс тапты. Нәтижесінде, рухани жаңғыру, рухани сілкініс М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті өмірінің барлық саласын қамтитын кең ауқымды қозғалысқа айнала алды.

Бұл Шымкент қаласына 2018 жылдың 28-29 қыркүйегіндегі іссапары барысында қала әкімшілігі және зиялы қауымымен болған қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту туралы болған кеңестегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың:

«Шымкент тұрғындарының 42%-ін, яғни 420 мыңнан астамын жастар құрайды. Демек, Шымкент – жастардың қаласы. Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін бізге сол жастардың арасынан жоғары білікті мамандар қажет. Шымкент сондай мамандарды даярлайтын орталық ретінде қалыптасуы тиіс. Осыған орай жергілікті оқу орындарының мәртебесін арттырып, шетелдік оқу орындарымен әріптестікті кеңейту қажет. Шымкенттегі университеттерді халықаралық деңгейге көтеріп, Орталық Азия елдерінің абитуриенттері келіп, оқуға ынталы болатын жағдайға жеткізу қажет. ... Оқу орындарын, халық ағарту мәселелерін басқа-ратын азаматтар, жалпы сол жерде істеп жүрген профессорлар, университет ректорлары басқаша қарауы керек», – деген тапсырмасының да университетте толық орындалып жатқандығын көрсетеді. Осы ретте ерекше айта кететін жағдай: университетіміздің Ғылыми кеңесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орындалуына айрықша көңіл бөліп, факультеттер, жоғары мектептер мен департаменттерде «Рухани жаңғыру» аясында атқарылған жұмыстардың барысы туралы мәселе өткен жылы 12 рет күн тәртібіне қойылып, талқыланып отырды. Нақтылай айтар болсақ, ректорат «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар туралы мәселені 4 рет, ал Ғылыми Кеңес 8 рет қарастырып, арнайы шешімдер қабылдаған. Осы шешімдердің арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасына жалпыхалықтық сипат беруді неғұрлым тереңдететін және толығырақ ететін 2019 жылдың 16-шы мамыр айында өткен ректорат шешіміне кеңірек тоқталуымыз қажет болар. Өйткені, ол жерде «Ректорат университеттің әрбір ғалымының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсене қатысуы қажет деп санайды. Декандар, кафедра меңгерушілері мен профессор-оқытушы құрамы ұлттық салт-дәстүрлерді, тіл мен музыканы, әдебиетті, әсіресе қазақ халқының ұлттық рухын насихаттауға үлкен жауапкершілік жүктейді»,- деп атап көрсетілді. Атап айтқанда, университетіміздің әрбір ғалымы мен оқытушысы, тіпті техникалық қызметкері де «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысуы қажеттігіне баса назар аударып берді. Осыған байланысты, Қоғамдық сананы жаңғырту жобалық кеңсесі «Оқытушы жұмысының жеке жоспарына» «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындауды жос-парлайтын арнайы тарау енгізді. Жаңа оқу жылында осы тарау енгізілген «Жеке жос-пар» оқытушыларға таратылды, барлық факультеттерде түсіндіру семинарлары мен басқосулары өткізілді, сөйтіп әр оқытушы жаңа оқу жылында жасайтын жұмыстарын жоспарлау барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындауға арнайы тоқталып өтеді.

Сонымен бірге, жоғары мектептер мен факультеттерде және кафедраларда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындауға жауаптылар қоғамдық негізде тағайындалды және факультеттер мен жоғары мектептердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау жоспары жасалып, оның орындалуы үнемі бақылауда болады. Қол жеткізген нәтижелер мен жетістіктерді бағдарламаның ба-сымдықтары бо-йынша саралай зерделесек, «Білімнің салтанат құруы» басымдығының ұзақ мерзімдік көрсеткіш инди-каторының талабы «Университеттің халықаралық білім беру рейтингтеріндегі орнының болуы» екен. Мұндай халықаралық агенттіктер бірнешеу. Соның ішінде бірқатар танымалы - QS-WURIMD деп аталатын рейтинглік агенттік. Міне, М. Әуезов атындағы ОҚМУ осы агенттіктің ТОП-500 деп аталатын алғашқылар тобына еніп, 419-шы орынды иемденді. Респуб-лика бойынша бұл рейтингте М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың алдына тек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ғана түсе алған. Бұл «Рухани жаңғыру» аясындағы айта қаларлықтай жоғары көрсеткіш екендігі даусыз.

Университетте «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын дербес пән түрінде игеру ғылыми-педагогикалық талаптарға негізделіп жасалған және университеттің Ғылыми кеңесінің тікелей бақылауымен жүзеге асырылады. Өткен оқу жылында болып өткен кеңес мәжілісінде «Факультет, жоғары мектеп декандары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сапалы оқыту мақсатында жаңа электив ретінде оқу бағдарламасын әзірлесін және конкурстық комиссияға ұсынсын» деген шешім қабылданды. Шешімге сәйкес «Қазақстан тарихы», «Жалпы тарих және мұражай ісі», «Мемлекет және құқық теориясы» және «Философия» кафедраларынан «Қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті мәселелері» атты элективті пәннің бағдарламалары конкурсқа келіп түсті.

Конкурстық бағдарламаларды сараптамадан өткізу кезінде негізге алынған критерийлер:

Элективті пән мазмұнының, оның лекциялары мен семинарларының және СӨЖ тақырыптарының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының және оның логикалық жалғасы болып табылатын «Ұлы Даланың 7 қыры» атты мақаланың тезисті түрде қозғап отырған мәселелерін тереңдете, түпкі негізін аша оқытуды қарастыруы;

Лекциялар, семинарлар және студенттің өзіндік жұмысының мазмұнына сәйкес мамандық кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының оқытуы.

Элективті пән бағдарламасының қазақ және орыс тілдерінде жасалуы.

Конкурсқа келіп түскен оқу бағдарламалары университеттің сапа менеджменті жүйесі талаптары мен формасына толық сәйкес, барлық құрылымдық бөліктері сақталған және оларға қойылатын талаптар әр кафедрада біршама деңгейде орындалған. Яғни, титулдық парағы, түсіндірме хат, пәннің мақсаты, міндеттері, пререквизиттер, постреквизиттер, білім беру құрылымындағы пәннің орны, пәннің мазмұны, ұсынылатын семинар сабақтарының тақырыптары, ұсынылатын СӨЖ тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімдері бар. Сонымен бірге, әрбір кафедраның дайындаған пән бағдарламасында өзіндік ерекшеліктері, артықшылықтары және әрине, кемшіліктері де бар. Сондықтан, пәннің әр кафедра дайындаған нұсқасына жеке-жеке талдау жасалып, бірқатар ескертулер мен түзетулер енгізу талап етілді, мазмұны жаңартылған элективті пәнді оқыту «Қазақстан тарихы» кафедрасына берілді.

«Рухани жаңғыру» тақырыбын білім алушы студенттер, магистранттар және PhD докторанттарының ғылыми жолмен зерттеуі, тануы - М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың рухани білім беру жолындағы тағы да бір кең даңғыл жолы. Өткен оқу жылында университетті аяқтаушы 210 студенттің «Рухани жаңғыру» тақырыбы аясында жазған дипломдық жұмыстары мемлекеттік аттестациялық комиссияның тиісті бағасына ие болды. Дипломдық жұмыстарды орындау барысында студенттеріміз ізденіс жұмыстарының нәтижелерін студенттік ғылыми конференцияларға баяндама түрінде шығарып, талқылауға салды, сондай-ақ, ғылыми баспалар беттерінде жарияланымдар жасады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басымдықтары бойынша ғылыми ізденістер жасау тек білім алушылардың ғана үлесінде қалып кеткен жоқ, онымен іргелі түрде университет профессор-оқытушылар құрамы да терең айналысуда. Өткен оқу жылында университет оқытушылары «Шымкент – рухани болмыс қайнары» атты портфельдік жоба, «Ұлттық код – рухани құндылықтар жиынтығы», «Тұлғаның позитивті психологиясының рухани негізі» сияқты 41 ғылыми жоба жасады. Өкінішке орай, бұл жобалардың бірде-біріне мемлекет және жергілікті әкімшілік тарапынан қаржылық қолдау көрсетілген жоқ. Дегенмен, профессор-оқытушылар құрамының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы Даланың 7 қыры» мақаласын ғылыми сүйемелдеу үшін жасаған зерттеулері 3 томдық жинақ түрінде баспадан жарыққа шығып, халыққа ұсынылды.

Қорытындылай келе, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Білімнің салтанат құруы» басымдығы бойынша жасалып жатқан шаралар мен ауқымды үдерістер нәтижесінде университеттен білім алып шыққан түлектер мен мамандардың елімізді әлемдік алдыңғы қатарлы елдер санатына қосуға үлкен еңбек жасай алатын болады деген сенім мол.

**С.Қ. БЕЙСЕНБАЕВ,**
**Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор**
**Г.Ә.ЖАНЫСБЕКОВА,**
**тарих ғыл. кандидаты,**
**ОҚМУ Қоғамдық сананы жаңғырту жобалық кеңсесінің басшысы**

# Тілін білмеген түбін білмейді



Тілі мен тарихын, мәдениетін білмеген адам түбін білмейді. Ал ондай адам Отанның басына күн туғанда жұртына сүйеу бола алмайды. Сондықтан жас жеткіншектерге, балаларға кішкентайынан ана тілін оқытып, дамытуға тиіспіз. Ана тіліміз - біздің ең басты байлығымыз. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,- демекші, әрбір адам өз тілін құрметтеп, аялап, мақтана білуі тиіс. Ана тіліміз тұмардай биікке қойып, өзге тілдерді де еркін меңгере білу - біздің басқа елдің де тілін сыйлағанымыздың белгісі.

Басқа елге мықты екенімізді дәлелдеу үшін өз тілімізді, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді, ән-күй, жырымызды ғана емес, өзге тілді де меңгерген жөн. Тіл құдіреті мықты әрі шексіз. Баяғы заманда шешен-билеріміз дауласпай, соғыспай-ақ дауды өзінің шешендігімен, шеберлігімен шеше білген. Тіл құдіреті арқылы адамның жүрегіне жол табуға да, жылатуға да болады. Қазақстанда дүниеге келген әрбір адам ана тілін шұбарламай, еркін сөйлеуі керек. Ана тілін ұмытқан адам өткенінен де, қазіргісінен де, болашағынан да қол үзеді. Сондықтан ана тілі әрбір қазақтың жүрегінде сайрап, лүпілдеп тұруы керек. «Тілін білмеген түбін білмейді» деген. Тіл - ата-бабамыздың бізге берген үлкен аманаты. Сондықтан ана тілімізді биікке қойып, мақтан тұтып, өз жерімізде ана тілімізде еркін сөйлей алатынымызға шүкіршілік етуіміз керек. Қазақ тілінің мәртебесін көтеретін де, дамытатын да біздің жастарымыз!

**Ақбота ЕРКІНБЕК,**
**ФИ-18-1к2 тобының студенті,**
**Н.Ш.БАЗАРБЕКОВА, жетекшісі**

# Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс

**«Құрылыс және көлік» факультетінде таяуда «16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні» атты мерекелік іс-шара өткізіліп, оған факультет деканы, оқытушылары және студенттері, сонымен қатар арнайы шақырылған қонақтар қатысты.**




Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл - атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі.

1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол оның ішкі және сыртқы әлемі, экономикасы, ақшасы деген секілді көптеген құндылықтарға келіп тіреледі. Аталған құндылықтарды үлкен мақсатқа айналдырған еліміз астанасын да бекітті. Тіпті бүгінде Астана арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматыны мәдениет пен әдебиеттің қаласына айналдырды. Өзінің ішкі туризмі, теңгесі, ұзын сонар қара жолдары тарамдалып жатты.

Тарихи оқиғаларға толы кезең. Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін жариялаған Декларациясын, Қазақстанның жеке мемлекет екендігін көрсеткен Ата заңын, мемлекеттік рәміздерін қабылдап, елімізді егемен мемлекет ретінде көптеген шет мемлекеттердің таныған кезеңі болып отыр. Мемлекетіміз Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, көптеген беделді халықаралық ұйымға мүше болды. Қазақстан барлық елдермен достық қатынасын нығайтты, еліміздің экономикасы, мәдениеті, саяси жүйесі нығайды, демократия мен заңдылық, құқық тәртібі жетілді. Осы тәуелсіздік алған аз уақыттың ішінде елімізде екі бірдей Конституция қабылданды. Еліміз Президенттік басқару жүйесіне өтті. Биліктің барлық салалары Конституцияға сай қызмет атқаруда. Мемлекетіміздің құқықтық қатынастарын реттейтін көптеген заңдар, кодекстер, заңнамалар қабылданып, мемлекеттік құрылыстың өркендеуіне сүбелі үлес қосылып жатыр. Елімізде халықтар достығы нығайды, дүние жүзіне үлгі болатын Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, адам мен азамат құқықтары және бостандықтарының өркениетті қағидалары толық жүзеге асырылды.Қазақ тілі мемлекеттік тілге айналды. Ғасырлар бойы шет жерде жүрген миллиондаған отандастарымыз, қандастарымыз өз атамекеніне оралды. Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілінің, дінінің дамуына толық мүмкіндік жасалды. Қазақстан бірінші болып ядролық қарудан бас тартты, ядролық шикізат бейбіт өнім өндіру затына айналды.

1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы тарихи шешімі қабылданды. Бұл күнді БҰҰ Бас Ассамблеясы 2009 жылы желтоқсанда Қазақстанның ұсынысы бойынша, ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні деп жариялауға шешім етті. Қазір бүкіл әлем Қазақстанды ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш мемлекет ретінде таниды. Қазақстанда ұлттық валюта – теңге қолданысқа енгізілді, ел экономикасының өркендеуіне сүбелі үлес қосты. Республикамыздың мемлекеттік шекарасы белгіленіп, көршілес елдермен бұл тұрғыдағы құжаттарға қол қойылып, мемлекетіміздің қауіпсіздігі нығайтылды.

Әрісі қазақ хандығынан бастап, берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы - осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту - әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешу, ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес.

Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.

**Г.У.АНАРТАЕВА, доцент,п.ғ.к.**
**М.А.МУСАНТАЕВА, магистр, аға оқытушы**
**А.А.ДАРИБАЕВА, магистр, аға оқытушы**

# Мінез-құлық міні - рухани кесел



Мінез адам баласының ішкі жан-дүниесінің сыртқы көрінісі деуге болады. Әл-Фараби бабамыз «Мінез – жанның айнасы» деген екен. Әдетте, біз адамдарға қарап мінезі жақсы немесе жаман екен деп баға беріп жатамыз.

Жақсы мінезді адамдарға аққөңіл, яғни үнемі көңілді жүретін, жайдары адамдары жатқызамыз. Көбінесе олар ашуланбайды, қайырымды, мейірімді және сабырлы келеді. Мәселен, мінезі жақсы ұстаз оқушыға мүлдем дауыс көтеріп ұрыспайды. Ондай адамдардың ашуға беріліп айқайлағанын немесе қатты сөздер айтқанын естімейміз. Осыған қарап, қытай халқының «Үлкен өзендер ақырын ағады, ал ақылды адамдар ақырын сөйлейді» деген мақалы рас екен деп ойлаймын.

Кейде адамның өмір сүру стилі, тағдыры, қоғамдағы орны өз мінезіне байланысты сияқты. Мәселен, көптеген психологтар адамның мінез-құлқы оның өмір сүруін анықтап береді дейді. Яғни, мінезі ашық, аққөңілділер кез келген адамдармен жылдам дос болып кетсе, мінезі тұйық адамдар өзгелермен қарым-қатынасқа түсуі өте қиын.

Әрине, «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, барлық адамның мінезі жақсы бола бермейді. Мінезі жаман адамдарды кекшіл, өзімшіл, қырсық, ашуланшақ ретінде байқауымызға болады. Меніңше, бұл - жаман қасиеттер. Сондықтан, әл-Фараби: «Мінез-құлық міні - рухани кеселге жатады»,- деген болатын.

Меніңше, жақсы мінезді болуға тырысуымыз керек және көркем мінезді адамдардан үлгі алуымыз қажет деп ойлаймын. Өйткені мінезі жақсы адамның өмірі де жақсы болмақ және ондай адам айналасындағы адамдарға, тіпті еліне үлкен септігін тигізе алады. Сондықтан Алаштың ұлы тұлғасы Әлихан Бөкейханов: «Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден»,- деп айтқан. Әрине, кемшіліксіз адам болмайтыны рас. Адамның бойында жаман мінезі болса, оны түзетуге болады деп ойлаймын.

Олтуралы Абай: «Мен егер закон күаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дейді. Яғни, мінезді түзетуге болмайды деген - қате пікір. Демек, өз боймыздағы жаман мінездерді жойып, тек жақсы мінездерімізді шыңдап, көркем мінез иесі болуға тырысуымыз қажет.

**Нұркен САПАРБЕК,**
**АП-18-8к1 тобының студенті,**
**Н.Ш.БАЗАРБЕКОВА**

# Парасаттылық дегеніміз не?

**Білім беру саласы тек білім берумен шектелмейді, оқу орындары қазіргі жастардың бойында рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыратын, ғылыми ізденістерге жол салатын, адал және әдепті болашақ маман даярлайтын орта болып табылады.**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды және мәдениетті қалыптастыру, өскелең ұрпақты адалдық қағидаттарына тәрбиелеу, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін дамыту және енгізу жөніндегі жобаны жүзеге асыру мақсатында «Тәрбие ісі және жастар саясаты» департаменті құрамынан Парасат басқармасы ашылып, жұмысы жолға қойылды.

Басқарманың мақсаты – жоғары оқу орнын тәртіп пен мәдениеттің, жауапкершілік пен жасампаздықтың түйіскен алаңына айналдыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыру. Сондай-ақ, басқарма қызметі сыбайлас жемқорлыққа қолайлы себептер мен жағдайларды уақытылы жоюға бағытталған іс-шаралар өткізу, жоғары моральдық құндылықтарға ие, жауапты, ынталы және әлеуметтік-құзыретті азамат пен өз елінің патриотын қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау, сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл саласындағы уәкілетті органдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету және әріптестік қарым-қатынас орнату болып табылады.

Оқу ордамызда арнайы қабылданған Академиялық адалдық Ережесі бар, ол – білім беру қызметін жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларын игеру барысындағы мінез-құлық нормаларын қалыптастыратын құндылықтар мен қағидалар жиынтығы. Парасаттылықты түсіндіру, оған жетелеу ең алдымен осы Ереже талаптарын орындаудан басталады, бұл профессор-оқытушылар құрамының, университет қызметкерлерінің, білім алушылардың жүріс-тұрысының, мінез-құлқының үлгісі. Парасат басқармасы жоспарына сәйкес, алдағы уақытта барлық факультеттер мен жоғары мектептер білім алушыларына «Парасаттылық дәрістері» оқылатын болады. Басқарма сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тұжырымдамасы мен стандарты негізінде жұмыс істейді, өз жұмысын «Адалдық алаңы», «Sanaly Urpaq», «Ізгілік елшісі» республикалық жобалық кеңселерінің ұсынымдары аясында жүргізеді.

Басқарманың жоспары бойынша Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің және «Шымкент - адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдерімен кездесу, дөңгелек үстел, семинарлар ұйымдастыру, «Sanaly Urpaq» клубы жұмысын жандандыру, «Ізгілік елшісі» жобасы бойынша қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру, т.б. іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

19.11.2019 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ мен Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ арасында бейне байланыс конференциясы өтті. Конференция мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Саналы ұрпақ» және «Ізгілік елшісі» жобаларын жүйелі ұйымдастыру үшін қала ЖОО мен колледждері өкілдерінің басын қосып, әдістемелік көмек беру. Конференция барысында республикалық «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің жетекшісі Қ.Токушев және «Ізгілік елшісі» жобасының жетекшісі А.Сәбитова жобаны іске асырудың ұйымдастырушылық мәселелері мен басымдық беретін бағыттары бойынша тәжірибесімен бөлісті.

27.11.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Жастар жылы аясында «Бөбек» жалпыұлттық қозғалысының ұйымдастыруымен «Ұлы дала жастары: бірыңғай ұлт болашағын қалыптастыру» атты республикалық конференциясы өтті. «Sanaly úrpaq» клубының мүшелері А.Мырзатай, К.Утеғалиева, М.Ходжамуратовалар «Жас қыран- 2019» талантты студенттер кітап жинағына еніп, төсбелгі мен дипломдармен марапатталды. Аталған белсенді студенттер 2019 жылдың қорытындысы бойынша республика деңгейінде «Үздік студенттер» қатарына енді.

27.11.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында ҚазГЗУ базасында ҚР БжҒМ ұйымдастыруымен «Жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудит жүргізудің типтік алгоритмі» тақырыбында республикалық тренингке М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ОжОӘЖ жөніндегі проректоры Қ.Байболов, Парасат басқармасының басшысы Г.Дулатова, Жастар орталығының басшысы З.Орынбеков қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша аудит жүргізу тәжірибесін жинақтады.

28.11.2019 жылы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясында өткен «ЖОО-да ПОҚ мен студенттер арасында парасаттылықты қалыптастыру» тақырыбындағы семинарға қатысқан университет өкілдері ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Парасаттылық департаментінің директоры Д.Сабирбаевтың баяндамасын тыңдады.

Парасаттылықты қалыптастыру - сыбайлас жемқорлықсыз, зұлымдықсыз қоғам құруға деген ұмтылыс. Өмірлік ұстанымы анық, сапалы білім алған, адамгершілік пен әдепті алға қоятын жастар болашақта да тұрақтылық танытады.

***Гулбакыт ДУЛАТОВА,***
**Парасат басқармасының басшысы, құқық магистрі**

## 100 жаңа есім - 2019

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 Жаңа есім » арнайы жобасына біздің университетіміздей 5 үміткер қатысып, алдыңғылар қатарынан көріне білді.**



**Гульмира Дильдебаева,** «Өнер» кафедрасының оқытушысы, 1650 үміткердің ішінен 6291 дауысты жинап, 66-орынды иемденді.



**Гульсин Токтарова,** 5340 дауыс жинап, 103-орынды иемденді. «Ауылшаруашылық ғылымдар» жоғары мектебі



**Гулбақыт Дулатова,** «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің аға оқытушысы, құқық магистрі. 2537 дауыс жинап, 160-орынды иемденді.



**Айсулу Кузербаева,** «Ауылшаруашылық ғылымдар» жоғары мектебінің доценті, а.ш.ғ.к., 979 дауыс жинап, 275-орынға көтерілді.



**Жантасов Манап,** т.ғ.к., доцент ҚР БҒМ «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «ШЖҚ РМК» мұнай-газ ісі» кафедрасының профессоры, 800 дауыс жинап, 304 орынды иемденді.

Жобаға барлығы 1650 үміткер қатысып отыр. Енді үміткерлерімізді аса жауапты үшінші кезең күтіп тұр. Бұл кезеңде олардың жетістіктерін әділ қазы қарап, жеңімпаздарды анықтайды. Үміткерлер Ruh.kz сайтына және Support@ ruh.kz электронды адресіне, сондай-ақ +7747 364-67-32 телефон нөміріне хабарласып, сауалдарына жауап алуларына болады.

**Г.ЖАНЫСБЕКОВА,**
**университет Қоғамдық сананы жаңғырту жобалық кеңсесінің басшысы**

## Бас ақынға арналған кеш



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы жарлық шығарды. Осы мақсатта М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Механика және мұнай газ ісі» факультетінде Ұлы Абайдың мерейтойына орай және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Абай Құнанбаев мұрасы» атты тағылымды кеш ұйымдастырылды. Аталған іс-шара университетіміздің №3 жатақханасында өтті.

Кештің мақсаты - Абай шығармашылығын студенттердің жүрегіне терең бойлату, Ұлы Абай әлемінің жұмбақ сырларына үңілту, ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой - толғауларын насихаттау, ой - қиялдарын поэзия әлеміне жұмылдыру.

Абай мұрасы – қазақтың асыл қазынасы, уақыт өткен сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығына әлі де тамсана қарайды, оның жан-дүниесінің түпсіз тереңдігіне қаныға түсуде. Абай шығармашылығы жайлы А.Байтұрсынов: «Абай - қазақтың бас ақыны. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазды. Ал М.Әуезов ұлы Абайды «Қазақ әдебиетінің классик ақыны, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп атауы да жайдан жай емес.

«Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу», - дейді Абай. Оның ілімінде, пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолында күресу керектігін ашып көрсетті. Адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру, адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеуметтік рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді.

Абайдың философиядағы даналық дүниетанымын көркем түрде жеткізетін еңбегі - оның қара сөздері. "Он тоғызыншы сөзінде":

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады",- деп жас ұрпаққа насихат айтады. Осы орайда ММГ-18-3к3 тобы студенті Жайлыбек Бақдаулет пен ММГ-18-3к2 топ студенті Қадыр Қаршыға қара сөздерді өз мәнерінде орындап берді. ММГ-18-3к1 топ студенті Алтынбек Әсем «Абай мұрасы» атты тақырыпта өмірбаяны, шығармашылығы туралы баяндама оқыса, өз шығармашылығымен Ботбай Диана «Абайға арнау» оқыды.

Көркем сөздің асылы поэзия екені белгілі. Осы орайда Абай атамыздың философиялық өлеңдерінің бірі «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңі жатқа оқылып, жас ұрпақты бір серпілтіп тастады. Абай - сазгер. Ол көп өлеңдерінің әнін өзі жазған, 30-дан аса әні мен күйі бар екені белгілі. Кеште студенттер «Көзімнің қарасы» әнін гитараның сүйемелдеуімен орындады.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамның кейбір кездері», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман алдындағы келер заман», «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты шығармалары мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрады. Оның «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман - алдындағы келер заман» және осы секілді өлеңдерінің барлығы- мүлде тың дүние.

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,*
*Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.*
*Көкірегі сезімді, тілі орамды,*
*Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.*
*Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,*
*Көңілінің көзі ашық, сергек үшін*
*деген өлең жолдары жас ұрпақты тәрбиеге шақырады.*

**Р.Н. ОРАЗАЛИЕВА, «ТМ үшін жоғары математика және физика» кафедрасының аға тәлімгері,**
**Г. ТАКИБАЕВА,**
**З.А. АБСАМАТОВА,**
**топ тәлімгерлері**

# Өнерімен өрге жүзді





Жуырда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған **«Мен жастарға сенемін!»** атты студент жастардың патриоттық республикалық форумы өтті. Форумға М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Педагогика және мәдениет факультеті мен Баскару және бизнес жоғары мектебінен 5 студент қатысты. Ол студенттерге жетекшілік еткен - «Жалпы педогогика және музыкалық білім кафедрасының » аға оқытушысы Салтанат Сәбитқызы Ағабекова.

Студент жастардың патриоттық республикалық форумының **«Мәңгілік ел – мұратым!»** патриоттық әндер байқауында Ағабек Бақдаулет Бауыржанұлы II дәрежелі дипломмен марапаталса, ПИК-16-1к тобының студенті Шардарбек Әкім Қалдыбайұлы **«Қоңыр дауыс»** номинациясына ие болды. Ал Қасымжан Ниязбек, Батыр Рысбаев, Хасан Бахтиоруглы қатысқаны үшін сертификаттар алды.

Осындай үлкен жеңіспен оралуымызға жастарға қолдау көрсеткен үшін М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Қожамжарова Дария Пернешқызына, Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры С.А.Мәжінбековке үлкен ризашылығымды білдіремін.

**Салтанат АҒАБЕКОВА,**
**Жалпы педогогика және музыкалық білім кафедрасының аға оқытушысы**

**Меншік иесі: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Газета Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауезова**

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998 ж.**

**Газета зарегистрирована в Министерстве информации РК (свидетельство № 451-Г) г. Астана, 10 ноября 1998 г.**

**Редакционная коллегия:**
**Қожамжарова Дария Пернешқызы -** М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, професор.
**Нұрманбетов Қайрат Әнбекшиевич -** Бірінші проректор
**Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы -** Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

**Тілші:** Мәдина Сералиева
**Көркемдеуші:** Наиля Заббарова
**Оператор:** Танзила Ашимова
**Фото:** М.У. Хусаинов

«M-press» ЖШС баспаханасында басылған. Шымкент қ., тел.: 21 36 67, А. Байтұрсынов көш., 18.
**Редакция мекенжайы:**
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб., тел.: 8 (7252) 30 08 40, gazet98@mail.ru
Тапсырыс
Таралымы 1500 экз.